



Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования  
и науки Республики Казахстан



Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті  
Евразийский национальный  
университет имени Л.Н. Гумилева



«Жастар»  
ғылыми-зерттеу орталығы  
Научно-исследовательский  
центр «Молодежь»



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

# ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСТАНСКИХ ЦЕННОСТЕЙ

МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ



АСТАНА  
2016

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

**АСТАНА, 2016**

Қ 18 / **«Қазақстандық құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктері» әдістемелік құрал**  
**/ Особенности формирования казахстанских ценностей: учебное пособие /**  
**О.В. Николаева, А.Е. Маулитов – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016. – 62 б.**

ISBN 978-601-7857-18-9

«Қазақстандық құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктері» әдістемелік құралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында әзірленген.

Бұл оқу құралында, құндылық бағыттарын зерттеу саласындағы халықаралық практикалық тәжірибе мен теоретикалық жұмыстар қарастырылып, қазақстандық құндылық бағыттарының қалыптасуындағы саяси-құқықтық негіздері баяндалған, қазақстандықтарда құндылықтардың қалыптасуы бойынша ұсыныстар ұсынылған. Жастардың құндылықтық тәрбиесі сұрақтары көтерілетін «Мәңгілік ел», «Ұлт жоспары - Мемлекет басшысының бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы», «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» нормативті-құқықтық және бағдарламалық құжаттарына ерекше назар аударылады.

Берілген оқу құралында ұсынылған ақпаратты терең түсіну мен қабылдау мақсатында оқу құралындағы материал инфографика, схема мен кестелермен қамтылған.

Әдістемелік құрал академиялық қауымдастық өкілдерінің кең өрісіне, әсіресе, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар аясының ғалымдарына (әлеуметтанушы, саясаттанушы, мәдениеттанушы, философтарға), ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп ұстаздарына, мемлекеттік қызмет пен институттардың өкілдеріне арналған.

Методическое пособие «Особенности формирования казахстанских ценностей» подготовлено в рамках выполнения государственного задания Министерства образования и науки Республики Казахстан.

В данном пособии рассмотрены международный практический опыт и теоретические наработки в области изучения ценностных ориентаций, изложены политико-правовые основы формирования казахстанских ценностей, предложены рекомендации по формированию ценностей у казахстанцев. Особое внимание уделяется анализу нормативно-правовых и программных документов «Мәңгілік ел», «План Нации – 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства», «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства, в которых затрагиваются вопросы ценностного воспитания молодежи.

В целях углубленного понимания и восприятия информации, представленной в данном пособии, материалы снабжены инфографикой, схемами и таблицами.

Методическое пособие предназначено для широкого круга представителей академического сообщества, в особенности ученых в сфере социальных и гуманитарных наук (социологов, политологов, культурологов, философов), преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, представителей государственных служб и институтов.

ӘОЖ 323.1 (574)

ISBN 978-601-7857-18-9

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы», 2016

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2016

## «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

### Мазмұны

Кіріспе	4
Глоссарий	7
Құндылықтарды зерттеудің концептуалды аспектілері мен әлемдік тәжірибесі	9
Қазақстандық құндылықтарды қалыптастырудың саяси-құқықтық негіздері	13
Қазақстандықтардағы жалпы ұлттық құндылықтарды нығайту бойынша ұсыныстар	22
Қорытынды	26
Қолданылған дерек көздері	28
Қосымша	30

## КІРІСПЕ

Құндылықты бағдарлар – адамның құндылықты-нормативті құрылымы бірегейлігінің едәуір қозғалмалы бөлігі, оның құрамы, иерархиялық құрылымы мен оның күнделікті жүріс-тұрыстағы жүзеге асыру практикасы тұрақты мониторинг, талдау мен сәйкестендіруді талап етеді.

Заманауи қазақстандық қоғамда өмір мен адамға деген көзқарастардың жаңа жүйесі, құндылықтардың жаңа иерархиясы мен өзін-өзі танытудың жүйелері қалыптасуда.

Қазақстандық қоғам өзінің қызметінің түрлі салаларында бірқатар елеулі өзгерістерді басынан кешіріп жатыр. Саяси және экономикалық өзгерістермен қатар, қазақстандық социум сезінерлік деңгейдегі құрылымдық және сапалық өзгерістерге тап болуда. Көптеген сапалық қозғалыстардың негізінде елдің едәуір бөлігінің құндылықты бағдарларының өзгерістері жатыр. Жалпы айтқанда, қазақстандықтардың құндылықтар жүйесі соңғы онжылдықта саяси тәртібінің ауысуы, нарықтық экономикаға көшу, мәдени-діни айналым, және жалпы жаһандану үрдістері мен одан туындайтын жаңа сәйкестендіру модельдері сияқты қоғамдық өмірдің барлық салаларында жаппай өзгеруде, сонымен қатар, алдында қалыптасқан әлеуметтік қатынастардың ауысуына байланысты едәуір өзгерістерге ұшырады.

Дәстүрлі құндылықтар мен идеалдар құрайтын қоғамдық сананың негізін күрделі және қарама-қайшылықтарға толы адамдардың жаңа құндылықтар жүйесі мен құндылықтар бағыттары қалыптасуда. Өтпелі қоғамда ол қазіргі күні адамдардың өзін-өзі сәйкестендіруі мен өзін-өзі таныту ортасын анықтайды және жаханданудың әсеріне ұшырайды (әсіресе, мәдениет саласында), басқа жағынан мемлекеттердің ішкі саясатындағы әлеуметтік-экономикалық реформалары да әсер етеді. Заманауи қоғамда нормативті (дәстүрлі) құндылықтардан таңдаудың тиімділігі, толеранттық, сенім мен қоғамдық саяси өмірге қатысуға (өз ойын білдіруге) бағытталған заманауи құндылықтарға біртіндеп өту үрдісі орын алған. Қазіргі күні Қазақстан Республикасында түрлі әлеуметтік қабаттарда, бір жағынан шексіз «бостандық» пен батыстық демократияның (ең алдымен, капитализм) құндылықтарына бағытталған, ал басқа жағынан дәстүрлі құндылықтардың әсері байқалатын ұстанымдар қалыптасуда.

Сонымен қатар, Қазақстан халқының едәуір бөлігі Кеңес Үкіметі заманында әлеуметтену үрдісінен өткен болатын, ол өз кезегінде халықтың құндылықтар жүйесінде көрініс тауып отыр. Нәтижесінде, қазақстандық қоғам қарама-қайшы құндылықтарды тасымалдаушы болып табылатын индивидтер топтарына бөлінген. Нәтижесінде, қоғам жалпы алғанда кеңестік адамгершілік қағидалар мен жаңа нарықтық мораль қағидаларын қатар қолдануға мәжбүр болып отыр. Соған байланысты сабақтастық құндылықтар механизмі айтарлықтай өзгерістерге тап болуда, сондықтан үлкендердің де, жастар шоғырының да құндылықты бағдарларын анықтау өзектілікке ие

болып отыр.

Қазіргі күні Қазақстанның азаматтарын тәрбиелеу бойынша және олардың нақты мәселелерін шешу бойынша стратегиялық маңызы бар күштер жұмсалуда, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясатты бағалау қажеттілігіне байланысты, халықтың құндылықтары мен олардың ерекшеліктерін зерттеу жүзеге асырылып отыр.

Қазақстандық академиялық талқылауындағы ұлттық идеяның концептуалды түсіндірілуі қиындатылып және өзгерістерге ұшырап отыр. Оның қалыпты және дұрыс түсіндірілуі – мемлекеттік құрылыстың идеологиялық бөлігіне деген ресми талап ғана емес. Бұл, ең алдымен, идеологиялық ядроның үлгісі, ол барлығына ортақ жағымды және өркендеуге жетуге бағытталған халықтың барлық оң бастамаларын біріктіріп, ынталандыруға қабілетті біріктіруші буын. Ұлттық идея – негізінен патриоттық сезімге рационалды баламасы. Оның мәндік тұжырымы, когнитивті қабылдау негізінде тұлғаның патриоттық көңіл-күйлерінің эмоциялық құраушыларын негіздеуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде, түсіну ол өзі тұрып, еңбек етіп жатқан мемлекет азаматы негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтардың құндылықтық тәрбие алуының басымдылықтарын анықтай отыра, ең бастысы, әрбір мәдениет өзінің мұрасының негізінде қалыптасатынын және әлеуметтік үрдісінде жаңғыртатынғынын түсіну қажет. Қоғамдық игілік пен тұлғалық дамудағы қажеттіліктер қағидаттарын бекітетін, мәдени алуан түрлілікті ескеретін, бірақ оның шеткі көріністеріне жеткізбейтін саясат қажет. Қазақстан Тәуелсіздігінің дамуындағы табыстар этикалық және адамгершілік тәрбиесі сұрақтарындағы шешімдер үшін жаңа ортаны құрады. Мемлекетте ары қарай қарқынды дамуды қамтамасыз ету үшін бірнеше тілді меңгерген, заманауи ақпараттық технологияларды игерген, белсенді және мақсатқа ұмтылған қоғам қалыптасуы керек. Білім беру мен азаматтық қоғам ұйымдарына әмбебап адами қасиеттер түсінігін баулып, сауатты, адамгершілікті, қоғамның дамуына қызығушылығы бар азаматтарды өсіруге әсер етуі керек. Құндылықтық тәрбие толеранттық пен өзара түсіністікті дамытуға бағытталуы керек.

Саяси, құқықтық және адамгершілік мәдениеттерден тұратын қазақстандықтардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыру, ұлттық әлеуметтік-рухани идеалдар мен мәдени салттарды сақтау біздің мемлекетіміздің дамуындағы негізгі міндет болып табылады.

#### **Берілген әдістемелік құралының міндеттері болып табылатындар:**

➤ құндылықтық бағдарларды зерттеу саласындағы құндылықтар мәселесі концептуализациясындағы халықаралық тәжірибе мен практикалық зерттеулерді талдау;

➤ қазақстандықтардың құндылықтық ұстанымдарының ерекшеліктерін анықтау;

- ұлттық бірегейлік пен жалпы қазақстандық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нормативті-құқықты және бағдарламалық құжаттарды талдау;
- жалпы ұлттық құндылықтарды нығайту бойынша ұсыныстарды құру;
- жас ұрпақпен жұмыс жасауда басым бағдарлар мен нақты шараларды анықтау.

Берілген оқу құралында құндылықтық бағдарларды зерттеу саласындағы халықаралық практикалық тәжірибе мен теоретикалық жұмыстар қарастырылып, қазақстандық құндылықтық бағдарларының қалыптасуының саяси-құқықтық негіздері баяндалған, қазақстандықтарда құндылықтардың қалыптасуы бойынша ұсыныстар ұсынылған. Жастардың құндылықтық тәрбиесі сұрақтары көтерілетін «Мәңгілік ел», «Ұлт жоспары - Мемлекет басшысының бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы», «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» нормативті-құқықтық және бағдарламалық құжаттарына ерекше назар аударылады.

Әдістемелік құрал академиялық қауымдастық өкілдерінің кең өрісіне, әсіресе, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар аясының ғалымдарына (әлеуметтанушы, саясаттанушы, мәдениеттанушы, философтарға), ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп ұстаздарына, мемлекеттік қызмет пен институттардың өкілдеріне арналған.

## ГЛОССАРИЙ

**Белсенді азаматтық позиция** – адамның өзінің өмір сүруінің шарттарын жақсартуға ұмтылыс идеясына негізделген өмірлік позиция.

**Руханилық** – жоғарғы адамгершілік құндылықтарға негізделетін өмірлік қызметпен өзіндік реттеу мен ынталандырудың ішкі саналы механизмдерінің бар болуымен сипатталатын адамның тұлғалық дамуының деңгейі.

**Азаматтық жауапкершілік** – ерікті және саналы түрде орындалатын парындар мен құқықтарды қабылдау және өзінің әлеуметтік қауымдастыққа (саяси, ұлттық және т.б.) тиістілігінің мәнін адамның түсіну деңгейі.

**Бірегейлік** – белгілі бір адам тобына, қауымдастыққа тиістілігінің сезімі.

**Мәдениет** – түрлі әлеуметтік жағдайларда индивидтер арасында өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ететін құндылықты көріністер, нормалар, идеялардың құрылуына, игерілуіне, сақтау мен таралуына бағытталған әлеуметтік қатынастарда көрініс табатын және әлеуметтік табиғатқа ие күрделі, динамикалық құрылым. Сонымен қатар мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа беріліп, толық бір топқа ортақ болып келетін жүре пайда болған жүріс-тұрыс деп те анықтауға болады.

**Жастар** – бұл термин үш түрлі жағдайда қолданылады: балалық шақтан ерте ересек өмірге дейінгі өмірлік циклдегі бірқатар кезеңдерді белгілеу үшін; жасөспірімдік шақтан ересектікке өтуді көрсететін термин; әлдеқайда жалпылаусыз мағынада – қалалық индустриалдық қоғамда есеюмен байланысты эмоциялық және әлеуметтік мәселелерді қарастыру үшін қолданылатын түсінік. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес, Қазақстанда 14 пен 29 жас аралығындағы азаматтар жастар деп есептелінеді.

**Ұлттық бірегейлік** (немесе ұлттық өзіндік сана) – белгілі бір ұлтқа тиістілігін өзінің сезінуімен байланысты адамның бірегейліктерінің құраушыларының бірі. Ұлттық бірегейлік белгілі бір адам топтарымен мәдениет, тарих, тілдің жалпылығы түсінігін меңгеруден туындайды. Оған қоса, ұлттық бірегейлікке белгілі бір мемлекетке, ұлттық идея мен мемлекеттік рәміздерге тиістілік сезімдері де жатады.

**Әлеуметтену** – адамның қоғамда табысты қызмет істеуіне мүмкіндік беретін жүріс-тұрыс нұсқаларын, психологиялық ұстанымдар, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар, білімдер мен дағдыларды игеру үрдісі.

**Әлеуметтік (топтық) бірегейлік** – осы топтарға тән жүріс-тұрыс, сана, құндылықтар мен нормаларды қабылдау көмегімен өзінің қандай да бір әлеуметтік топтарға немесе қауымдастықтарға жатуын сезінудің нәтижесі.

**Әдет-ғұрып** – бір ұрпақтан екіншіге беріліп отыратын адамдардың кез келген практикалары, сенімдері, институттары мен артефактары.



**Бірегейлік деңгейлері** – өзінің дамуы нәтижесіндегі адамның бірегейлігі екі деңгейге ие болады: бірінші – жеке бас бірегейлігі (өзіндік сана), екінші – әлеуметтік (топтық) бірегейлік, ол түрлі кейіптерде көрініс табады (гендерлік, кәсіби, ұрпақтық, тілдік, ұлттық, азаматтық).

**Құндылық** – салыстырмалы түрде тұрақты, тұлғаның тіршілік әрекетінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті заттар, мақсаттар мен құралдар ретінде қарастырылатын материалдық және рухани игіліктер мен идеалдар жиынтығына адамдардың іріктемелік қатынасы.

**Құндылықты бағдарлар** – стратегиялық өмірлік мақсаттар мен жалпы дүниетанымдық бағдар ретінде онымен қабылданатын адам санасында құндылықтардың көрінісі.

## ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ


Адамның жүріс-тұрысына әсер ететін маңызды фактор болып оның мақсатқа бағытталғандығы, яғни оның белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталғандығы болып табылады. Бұл мақсаттарды басқаратын индивидтің құндылықтары, олар, тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырушы заттар, мақсаттар мен амалдар ретінде қарастырылатын материалдық және рухани игіліктер мен идеалдар жиынтығына деген адамның тұрақты, таңдамалы қатынасы деп түсіндіріледі. Басқа сөзбен айтқанда, құндылықтар – «қалаудың концепті», адамдар қызығып, алғысы келетін нәрсе немесе олар болғысы келетін, оларға қажетті, олар бас иіп, онымен рахаттанатын нәрселер [1]. Құндылықтар маңызды заттарды таңдауға әсер етеді де, адамның жүріс-тұрысын басқарады. Құндылықтар қашан да бір-бірімен байланыста болмайды, бірақ кейбір құндылықтар қоғамда басымдылыққа ие болады да, ұзағынан және басқалардан ерекше болуға тырысып, оны қалыптастырады.

Құндылық мәселесін зерттеу ХІХ ғасырдың 60-80 жылдары Вильгельм Виндельбанд [2], Генрих Рикерт [3], Рудольф Лотце [4], Вильгельм Дильтей [5] еңбектерінен бастау алды да, адам қызметінің бағыттылығын, адамның іс-әрекеттерінің ынтасын анықтайтын құндылықтар жайлы еңбек, жалпы мағыналы қағидаттар теориясы ретінде аксиология деп аталатын пән болып қалыптасты. Виндельбанд алғашқылардың бірі болып құндылықтар мәселесіне жүгінді. Философиядағы болмысты қарастыра отырып, Виндельбанд оны жалпыға міндетті құндылықтар туралы сыни ғылым ретінде түсіну мүмкін деп есептеді. Кант зерттеуін талдай отырып, «сыни» философия құндылықтар анықтамасының қажетті және жалпыға маңыздылары туралы ғылым ретінде екендігі жайлы шешімге келді [2, с. 23]. Рикерт құндылықтарды адамдардың арман-тілегі, іс-әрекеті мен ойынан, жалпы материалдық әлем болмысынан тәуелсіз деп қарастырған. [3, с. 100]. Лотце құндылықтарды міндеттіліктер қатарына жатқызған: «құндылықты анықтамалар» «болуы керектер» қатарына, міндеттілер әлеміне тиісті. Құндылықтар теориясының қалыптасуы белгілі бір бағытпен, бір мектеппен ғана байланысты емес, ол оның жалпы адамзатқа маңызды екендігін айғақтайды [4, р. 125]. Дильтей құндылықты қатынасты танымдық, сол себепті саналы деп қарастырды [5, с. 135].

Әлеуметтік ғылымдарда құндылықтар мен құндылықтық бағдарлар мәселесін зерттеудің қалыптасқан негізгі үш бағытын ерекше атап айтуға болады: тарихи-антропологиялық, әлеуметтік-мәдени және мәдени-философиялық (*1-суретті қараңыз*) [6].

Тарихи-антропологиялық тәсілге сәйкес, құндылықтар мен құндылықтық бағдарлардың бар болуы адамды жануардан ажыратады, құндылықтық бағдарлар жүйесінсіз ешбір мәдениет өмір сүрмеген.

Құндылықтар адамдарды өмірлік бағдарлармен қамтамасыз етіп, қызметінің өмірлік маңызды мақсаттарын анықтайды да, ең соңында адам өміріне белгілі бір мән береді.



**1-сурет** – Құндылықтарды зерттеудің негізгі тәсілдері

Мәдени-философиялық тәсіл құндылықтарды әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың, қоғамдық идеал түрінде бар болатын жалпы адамзаттың барлығының өмірлік қызметінің нәтижесі деп қарастырады. Құндылықтық бағдарлар жеке өмірлік қызмет тұрғысынан асып, оның жүріс-тұрысының ынтасының көздерінің бірі ретінде тұлға құрылымына кіреді. Олар жеке адамның жүріс-тұрысының және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты әлеуметтік реттеудің басты факторы болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени тәсіл құндылықтарды қоғамдық өмір мен адамдардың жүріс-тұрыстарының әлеуметтік-нормативті реттеушісі ретінде қарастырады. Осы көзқарастан құндылық мәдениеттің құрылымдық элементі, әлеуметтік-мәдени шындық пен жалпы әлем көрінісін модельдеудің, жүріс-тұрыстар алгоритмдерінің семиотикалық жүйесі болып табылады. Әлеуметтік-мәдени аспект құндылықтар мен құндылықты бағдарларды субъектінің қоршаған шындық пен оның ішіндегі бағдарларды бағалаудың моралды, этикалық, эстетикалық, идеологиялық, саяси негіздері ретінде қарастырады. Құндылықтар мен құндылықтық бағдарлар мәселесіне деген мұндай тәсіл оларды зерделеу мен зерттеуді индивид қатынасында нормативті функцияларды орындайтын реттеушілер ретінде көрініс табатын әлеуметтің негізгі бөліктері ретінде болжамдайды. Әлеуметтік-мәдени тәсілді, өз кезегінде, эмикалық және этикалық деп бөліп қарастыруға болады. Эмикалық тәсіл құндылықтарды, нанымдарды және жүріс-тұрысты олардың акторға маңыздылығы тұрғысынан зерделеу барысында қолданылады. Этикалық тәсіл нанымдары мен жүріс-тұрыстары зерттеліп жатқан топ мүшелеріне тиісті және маңызды деп танылатын концептуалды схемалар мен

санаттар ретінде көрініс табатын көзқарастарды, сипаттамаларды қарастырады. Этикалық тәсіл кез-келген мәдениетке қолданылымды әмбебап терминдерде шеттегі бақылаушының жүріс-тұрысын сипаттауға бағытталған [7].

Құндылықтарды зерттеудің дүниежүзілік бірден-бір «Құндылықтарға дүниежүзілік шолу» (World Values Survey) жобасы болып табылады. World Values Survey – адамдардың құндылықтар мен наным-сенімдерін, олардың уақыт өте қалай өзгертіндігін, қандай әлеуметтік және саяси себептер әсер ететіндігін, өзгеруін зерттейтін дүниежүзілік ғылыми-зерттеу жобасы [8]. Жоба 1981 жылдан бастап 100-ге жуық өкілетті елде ұлттық сауалнамалар өткізген дүниежүзілік әлеуметтанушылар желісінің көмегімен жүзеге асырылуда. «Құндылықтарға дүниежүзілік шолу» әлем халқының көпшілік бөлігін (90 %-ға жуық) қамтитын эмпирикалық деректердің жалғыз көзі болып табылады. «Құндылықтарға дүниежүзілік шолу» осы жоба авторларының бүгінгі таңдағы құндылықтар жүйесі жайлы ойларын көрсететін негізгі бірнеше компоненттерді өлшеп, қадағалап, талдау жүргізеді. Соның ішінде, бұқаралық сауалнама форматында өткізілген зерттеуде мүше-мемлекеттердегі респонденттерге құндылықты бағдарлардың келесі аспектілерін өлшеу мақсатында сұрақтар қойылады:

- жаһанданудың ықпалы;
- қоршаған ортаға қатынас;
- демократияны қолдау;
- шетелдіктер мен этникалық азшылықтарға толеранттық;
- гендерлік теңдікті қолдау;
- дін орны мен діншілдікті өзгерту;
- жұмыс;
- отбасы;
- саясат;
- ұлттық бірегейлік,
- мәдениет.

Жоба географиясы тұрақты кеңейтілуде. Қазақстан таңдамаға 2011 жылы қосылды. Жалпы, «Құндылықтарға дүниежүзілік шолу» жобасының аясындағы сауалнамалардың нәтижелері түрлі мемлекеттер мен қоғамдардың ерекшеліктері туралы да, түрлі қоғамдардағы құндылықты басымдылықтардың динамикасы жайлы да жорамалдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, бұқаралық сауалнама барысында зерттеушілер мәдени өзгеріс себептері, жағымды өзгерістерді ынталандырудың мүмкін болатын жолдары жайлы шешімдерге келеді.

«Еуразиялық монитор» халықаралық зерттеу агенттігі өткізетін зерттеулерді атап өту керек. Бұл зерттеулер 2006 жылдан бастап өткізіледі де, ТМД елдерін, соның ішінде Қазақстанды да қамтиды. 2016 жылдағы

«Еуразиялық монитордың» соңғы толқынында посткеңестік кеңістік елдері халқының көңіл-күйлерін өлшеу өткізілді. «Интеграциялық барометр: ЕАБР» жобасы аясында ТМД аумағының жеті еліндегі интеграциялық бағдарлары зерделенген болатын: Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан. ТМД-ның жеті елінің жалпы ұлттық сауалнамасына 8.5 мың адам қатысты (әрбір елде репрезентативті ұлттық таңдамалар бойынша мың адамнан кем емес).

Мәдени-құндылықты жүйелерді өлшеу мен сандық сипаттамаларын зерттеудің Құндылықтарға дүниежүзілік шолу әдістемесінен басқа тәсілдері де бар. Соның ішінде, мысалы, Г.Хофстед тәсілі. Ол қоғам орнын бес түрлі шкалада бағалауға негіздеген, оларға кіретіндер: индивидуализмнен коллективизмге дейін; арақашықтық биліктің үлкенінен кішісіне дейін; белгісіздікті қабылдамаудың жоғары деңгейінен төменгі деңгейге дейін; жоспарлаудың ұзақ мерзімділігінен қысқа мерзімдігіне дейін; ерліктен нәзіктікке дейін.

Құндылықтардың сандық сипаттамасының тағы бір мысалын Ш. Шварц пен басқа авторлар бірлесіп құрастырған. Олар белгілі бір мемлекеттің «мәдени картадағы» орнын жеті өлшем (үндестік, тиістілік, иерархия, шеберлік, теңқұқықтық, қызба және зияткерлік автономия) бойынша бағалауды ұсынды. Осы шкалалар бойынша талдау жасау негізінде Шварц әлем елдерін аумақтық-мәдени топтарға топтастырды. Осындай топтастырудың негізгі құндылығы оны мәдени-құндылықты және экономикалық сипаттамалары арасында байланысты одан кейінгі сандық талдауда қолдану мүмкіндігінде жатыр.

Экономикалық дамудағы мәдени-құндылықтар факторлардың рөлі мен сол мезетте әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін зерттеу талпыныстары Ресейде жүзеге асырылуда. 2008-2009 жылдары Мемлекеттік университет – Экономиканың жоғарғы мектебінің (ГУ-ВШЭ) мамандары Н. Лебедева мен А. Татарко мәдениет рөлінің қоғамдық дамудың факторы ретінде зерттеп, келесідей ұсыныстар берді: Ресейде адамдар мәдени және психологиялық кедергілерден өтіп, барлық мемлекеттің экономикалық табысты дамуының кепілі болып табылатын, өздерінің экономикалық аухаты үшін жауапкершілік пен тәуекелді өз мойындарына алу мақсатында әлеуметтік-экономикалық институттарды дамыту қажет [9].

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кез келген қоғамның дамуы барысында тұрақты түрде тиімді шешімді талап ететін жаңа міндеттер мен мақсаттар, уақытылы жауап беруді қажет ететін жаңа сыртқы және ішкі сын-тегеуріндер мен қауіптер пайда болатыны айдан анық. Мұндай жағдайларда мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі ұлтты нығайтуға бағытталған тізбекті жұмыс, тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау, өзінің тіршілік етуінің құндылықтары мен мақсаттары қатынасында консенсусты қалыптастыру, сонымен қатар халықтың жеке және коллективті өзін-өзі танытудың негізгі құрылымдық элементі ретінде жалпы қазақстандық құндылықты бағдарларын дамыту мен бекіту болып табылады.

Жалпы ұлттық бірегейліктің қазақстандық моделі бірқатар негізін қалаушы мемлекеттік бағдарламалар мен концепцияларға негізделеді. Олардың маңыздылары болып саналатындар:

➤ «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (2012 жылдың желтоқсаны) [10].

➤ «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі [11].

➤ «Ұлт жоспары - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы (2015 ж. мамыр) [12].

➤ «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы [13].

➤ «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 жарлығымен бекітілген [14].

➤ «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілді [15].

➤ «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1128 Қаулысымен бекітілді [16].

Стратегиялық сананың идеологиялық негізі мен инновациялық парадигмасы болып «Стратегия-2050» табылады, сонда қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты құрастырылып, қазақстандық қоғамның өмірінің барлық жақтарының жаңғырту бағыты белгіленген болатын.

Ұлт Жоспары – біздің әрқайсымыздың, өзіне жүктелген міндеттерді борыш сезімімен орындайтын әрбіреудің интеллектуалды түсінігінің, санасы мен жауапкершілігінің жаңа деңгейі. Заманауи әлемдік саяси практикада бұл идеологиялық құрылымдаушылар, стратегиялық жобалау мен болжамдаудың

инновациялық парадигмасына негізделген өз бетінше теңдессіз құжаттар болып табылады.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде Қазақстанның барлық басты мәдени және рухани аксиомалары негізінде жатқан ұлттық идея ұсынылған. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жалпы қазақстандық бірегейлікті, тәуелсіздіктің барлық жетістіктерінің сабақтастығы мен қоғамды болашақта біріктіруге бағыттау үшін құндылықтар алаңы болып келеді.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің негізінде мәні келесідей болып келетін құндылықтар жатыр:

• **Тәуелсіздік және Астана.** Бұл тармақ біздің халық Тәуелсіздікті нығайту ұлы тарихи тапсырмаға берік болатындығын білдіреді. Ал біздің тәуелсіздігіміздің гүлденуі мен күшінің жарқын белгісі болып барлық халықаралық стандарттар бойынша гүлденетін және дамитын Астана болып табылады.

• **Жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.** Бізде жалғыз Отан – Тәуелсіз Қазақстан, бізде Бір мемлекет – Бір тағдыр. Бейбітшілік пен келісімнің ұлы ісінен айнымайтын халық мыңжылдықтар бойы өмір сүреді. Сондықтан, бұл тармақта біздің мемлекетіміздің келешектегі өркениетті дамуы үшін негізгі үндеу қалыптастырылған деп есептеуге әбден болады.


• **Зайырлы Мемлекет және Жоғарғы Руханилық.** Өзіндік жолды анықтау мен барлық әлемге өзіміз жайлы маңғазданып айту бізге азаматтық және рухани құндылықтардың Бірлігіне мүмкіндік берді. Осыған байланысты, осы актінің берілген тармағы зайырлы мемлекеттің барлық қағидаларын қолдай отыра, біздің мемлекетіміздің айрықша рухани бейнесін анықтайтын дін мен өркениеттің жаһандық диалогын барынша дамудың қажеттілігі міндетін анықтайды.

• **Инновациялар негізіндегі тұрақты экономикалық өсім.** Патриоттық актінің берілген бөлігінде біздің еліміздің индустриалды және инновациялық күшін нығайту қажеттігі ерекшеленеді, ол үшін табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға ұқыпты қарау, қоғамда ғылымилық пен білім культуын ұлттың интеллектуалдық фундаменті ретінде бекіту керек. Бұл, өз кезегінде, дамыған отыз елдің қатарына кіру өршіл міндетін шешуге мүмкіндік береді.

• **Баршаға Бірдей Еңбек Қоғамы.** Бұл тармақта мемлекеттің барлық жетістіктері мен табыстары – барлық қазақстандықтардың күнделікті тынбай еткен еңбегінің нәтижесі екендігі анықталады. Сондықтан, болашақта мемлекет азаматының әрбіреуі үшін егемендік потенциалын жүзеге асыру үшін шарттарды құра отырып, біздің еңбексүйгіштік пен жауапкершілік, Еңбек Адамына құрмет құндылықтарымызды бекіту қажет. Бұл бүгінгі таңда айрықша маңызға ие, сондықтан Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына барар жолда әлемдік жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс шарттарында ол Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін пәрменді шешімдердің бірі болуы мүмкін.

• **Тарихтың, Мәдениеттің және Тілдің Бірлігі.** Мұнда біздің ортақ тарихи мұрамызға ұқыпты қарау керек екендігін атап өту керек. Қазақстан халқының мәдени алуан түрлігін арттыру, қоғамды шоғырландырудың негізі ретінде мемлекеттік тілді дамыту қағидаттарына бұлжытпай еру, ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретіндегі үштілдік қажет. Біз – Үлкен Мемлекет – Үлкен Отбасы. Және алуан түрлікке қарамастан, біздің барлығымызды ортақ тарих, мәдениет пен тіл біріктіреді.

• **Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және аумақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы.** Бұл жағдайда біз өз жетістіктерімізді қорғай алуымыз қажет екендігі белгіленеді. Әрбір азаматтың, өзінің елінің патриотының киелі борышы болып ұлттық қауіпсіздікті, халықаралық аренада танылған мемлекет авторитетін нығайту, бейбітшілік пен келісім идеяларын өрлету, «Мәңгілік Елдің» киелі қасиеттеріне ілесу міндеттері табылады. Қазақстанның әрбір азаматы Отанымыздың аспан жалауын маңғаздықпен алып жүріп, оны жаңа шыңдарға көтеру керек (2-суретті қараңыз).



**2-сурет** – «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінің негізгі құндылықтары.

Қазақстандықтардың құндылықтық бағдарлары мен олардың жоғарыда көрсетілген бағдарламалық құжаттарда аталатын негізгі құндылықтарды



кабылдауын зерттеу мақсатында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы «Қазақстандық құндылықтарды зерттеу» әлеуметтік сауалнама өткізген болатын. 2016 жылдың шілде-тамыз айында сауалнамаға 18 жастан жоғары халық арасында, елдің 14 аумағы мен Астана және Алматы қалаларында өткізілген болатын. Респонденттер саны 2000 адамды құрады.

Өткізілген зерттеудің басты мақсаты болып, қазақстандықтар үшін не әлдеқайда маңызды болатынын, яғни олардың құндылықтар жүйесінің орталығында не орналасқанын, ал қосалқы орынға ненің ие болатынын анықтау болып табылған. Бұқаралық сауалнама барысында қатысушыларға олардың құндылықтарының иерархиясын құрастыруға мүмкіндік беретін сұрақтар қойылған болатын. Ұсынылған кестеден көрініп тұрғандай, сұралғандардың көпшілігінде, нақтырақ айтсақ үштен біріне жуығында (29,9%), құндылықтарының жоғары бөлігінде дәстүрлі құндылықтар, яғни отбасы, балалар мен ата-ана орналасқан. Көрсеткіштің екінші орнына жеке бас денсаулығы мен жақындардың денсаулығы жайғасқан. Бұл жауап нұсқасын да сұралғандардың үштен біріне жуығы – 28,6%-ы таңдаған. Басым құндылықтардың үштік рейтингін материалдық құндылықтар бекітеді. Ақша мен материалдық табысты өміріндегі басты деп шамамен сұралғанның әрбір оныншысы – 11,3%-ы есептейді (1-кестіне).

**1-кесте. «Төменде ұсынылғандардың қайсысы Сіз үшін ең маңызды болып келеді?» сұрағына жауаптардың үлестірімі**

Жауап нұсқалары	Пайыздар
Отбасы, балалар, ата-ана	29,9
Жеке денсаулық, жақындардың денсаулығы	28,6
Ақша, материалдық ауқаттылық	11,3
Достар	6,2
Табысты мансап, жоғары кәсіптілік	5,7
Өзі-өзін таныту, жеке тұлғалық өсім, мақсатқа қол жеткізу	5,1
Махаббат, сүйікті адам	4,5
Жақсы білім алу, біліктілікке қол жеткізу	2,7
Құқық пен бостандықты қорғау	2,1
Отанға қызмет ету	1,5
Сенім, дін	1,2
Салт-дәстүрлерді ұстану	1,2
Жер бетіндегі, біздің елдегі бейбітшілік	0,1
Жауап беруге қиналамын	0,1

Зерттеу аясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде жарияланған негізгі құндылықтардың маңыздылық деңгейін 1-ден 4-ке дейінгі шкалада 1 – «маңызды»-дан 4 – «маңызды емес» нұсқауларының градациясымен азаматтардың бағалауын зерделеу қолға алынған болатын. Мұндай тәсіл зерттеу авторларына әрекетіндегі құндылықтардың маңыздылығын бағалаудың жиынтық көсеткішін автоматты түрде құруға мүмкіндік берді. Төменде ұсынылған кестеде көрсетілгендей, «маңызды» және «маңызды

шығар» жауап нұсқаларының қосындысынан тұратын ең жоғарғы пайыз жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім құндылығын қолдауда байқалады. Сұралғандардың 2,7%-ы ғана патриоттық әрекет деп жарияланған бұл құндылықтың маңыздылығын бағалай отырып, «маңызды емес шығар» мен «маңызды емес» нұсқаларын таңдаған болатын. Респонденттердің қалған үлесі «жауап беруге қиналамын» нұсқауын белгілеген. Қазақстандықтар үшін маңызы бойынша келесі болып тәуелсіздік және Астана табылады. Құндылықтар көрсеткішінің үштігін ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және аумақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы бекітеді (2-кестені қараңыз).

**2-кесте. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі құндылықтарының маңыздылық рейтингісі.**

№	Жауап нұсқалары	Маңызды	Маңызды емес
1	Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	97,3%	2,7%
2	Тәуелсіздік және Астана	94,2%	5,8%
3	Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және аумақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы	90,3%	3,3%
4	Инновациялар негізіндегі тұрақты экономикалық өсім	89,9%	3,7%
5	Тарихтың, мәдениеттің және тілдің бірлігі	86,7%	7%
6	Баршаға бірдей еңбек қауымы	85,8%	6,5%
7	Зайырлы мемлекет және жоғары руханилық	83,6%	8,1%

Патриоттық идеясы барлық замандарда қоғамның рухани өмірінде ғана емес, оның қызметінің маңызды аяларында – идеология, саясат, мәдениет, экономика, экология және тағы басқаларында айрықша орынға ие болған. Мәдениеттің жаһандану шарттарында патриоттық түсінік қашан да бір мағыналы емес, мазмұны бойынша әлдеқайда күрделі жаңа мәнге, жаңа мағынаға ие болады.

Патриоттық түсінігінің мазмұны мен бағыттылығы. Қазақстанда ол ең алдымен біздің заманауи қоғамымыздың рухани және адамгершілік ахуалымен, оның тарихи тамырларымен, ұрпақтардың сабақтастығымен, қазақ халқының көпғасырлық тарихының үздіксіздігімен анықталады.

Патриоттықтың орны мен мағынасы қоғам дамуының объективті тенденциялары оның азаматтарының шиеленіс күштерінің артуымен сүйемелденетін кезде, тарихтың кілт бұрылыстарында көбейе түседі (соғыстар, басқыншылықтар, әлеуметтік қақтығыстар, революциялық төңкерістер, дағдарыстық құбылыстардың өрбуі, стихиялық немесе өзге де апаттар мен т.б.).

Бейбіт кезде Отан құндылығы, патриоттық түсінігі, бұл құндылықтардың нақты бір әрекеттер көрінісі біршама әлсірейді. Дегенмен де, өз Отанына деген құндылықтық қатынас кез-келген қоғамда адам бірегейлігін орталықтандыратын факторлардың бірі болып табылады.

Заманауи қоғамдарда, жаһандану шарттарында адамның бірегейлігінің құрылымы көп сатылы сипатқа ие болады, онда патриоттықты әртүрлі түсінуге негізделген идентификацияның бірнеше сатысы қатар болуы мүмкін.

Әлем азаматы ретінде «өзіндік Меннің» қалыптасуы жаңа үрдістердің бірі ретінде жаһандану, еркін жүріп-тұру көптілділік, ұлттық шекараның ресмилігі негізінде бірегейліктің бір деңгейі космополитизм құндылықтарының негізінен құрылуы мүмкін.


Бірегейліктің басқа деңгейі ұлттық құндылықтарда, дамудың ерекше жолын іздеу қажеттілігінде, азаматтық өзіндік санада, өзінің этикалық өзгешілігіне қызығушылыққа негізделуі мүмкін.

Өткізілген зерттеудің орталық сұрақтарының бірі болып патриоттық құндылық мен оның заманауи қазақстандықтың бірегейлігінің құрылымындағы орны туралы сұрақтары болды.

Патриоттықты субъектінің отанына деген құндылықты қатынасы деп қарастыру ұсынылады, ол туған жеріне және (немесе) тұрып жатқан жеріне тәуелді болуы, «өзіміз» деп қабылданатын белгілі бір мәдени құндылықтарға қатыстығымен, отанның бүгіні мен болашақ жағдайы үшін жауапкершілікті сезінумен сипатталады. Патриоттық, белгілі бір мәдени және саяси жүгіне ие ұлттың өзіндік тепе-теңдігі ретіндегі ұлттық бірегейліктің құндылықты негізі болып табылады да, ұлттық қызығушылықтарды сезінуге негізделген Отан игілігі үшін жасалатын қызметте көрініс табады.


Патриоттық түсінігі үшін негізгі кілттік объект болып отан, ал нақтырақ айтсақ, адам санасында қалыптасатын отан кейпі болып табылады. «Отан» түсінігі жан-жақты болып келеді. Ол өзіне тікелей туған өлкесін немесе тұрып жатқан жерін, бәрі таныс және жанға жақын болып келетін жеке бір жерді («кіші отан»), оған қоса туған елін, әлеуметтік-мәдени қауымдастық, ұлты тұрып жатқан жерді («үлкен отан») қосып алады. Сонымен қатар, шынайы өмірде қолжетімсіз, мінсіз атамекен кейпінде көрініс табатын метафизикалық отан жайлы сөз қозғауға болады. Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес, зерттеу барысында қазақстандықтардың санасындағы отан деген не екенін анықтау маңызды болды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің жартысынан көбі (52,3%) жалпы Қазақстан Республикасын өзінің отаны деп санайды. Туылып өскен қала немесе ауыл респонденттердің төрттен бірі, нақтырақ айтсақ, 21,7% үшін отан болып табылады. Қазіргі уақытта тұрып жатқан қала / ауыл сауалнамаға қатысушылардың 10,1%-ы үшін отан болып келеді. Ата-анасының тұрып жатқан қала / аулын 6,2% отан ретінде қабылдайды. Ұсынылған түсініктерде отанын анықтауға қиналғандар 0,7% (3- *суретті қараңыз*).



**3-сурет – «Сіз үшін Отан дегеніміз не?» сұрағына жауаптардың үлестірімі.**

Респонденттердің жауаптарын аумақтар тұрғысынан талдау респонденттің тұрып жатқан орны мен респонденттің Отан деген түсініктерінің арасында белгілі бір тәуелділіктің бар екендігін көрсетті.



**4-сурет – Отанымызбен тұрғылықты жер арасындағы байланыс**

Жауаптардың аумақтық тұрғыдағы талдауы бірқатар аумақтарда Отан ретінде Қазақстан Республикасын түсіну сандық көрсеткіштер жағынан жалпы республикалық көрсеткіштен төмен екендігін көрсетті.

Олар Қостанай және Павлодар облыстары сияқты аумақтар, онда сәйкесінше 37,5% және 28,8%.

Жамбыл облысында 48,9% және Маңғыстау облысындағы 41,8% Отан түсінігін туылған жерімен байланыстырады. Астана қаласында сұралғандардың 21,8% үшін Отан ата-анасы тұратын жермен байланысты. Қостанай облысының 31,9% , Павлодар облысының 25,4% және Солтүстік Қазақстан облысының 23,8% тұрғындары Отан деп өздері қазір тұрып жатқан орынды түсінеді.

**3-кесте. «Сіз үшін Отан дегеніміз не?» сұрағына жауаптардың үлестірімі.**

ЖАУАП НҮСҚАЛАРЫ	Ата-анам тұратын қала, ауыл	Мен туылған қала, ауыл	Қазір тұрып жатқан қала, ауыл	Қазақстан Республикасы
Ақмола	3,4	22,0	3,4	71,2
Ақтөбе	7,8	5,2	10,4	76,6
Алматы	4,9	19,1	4,9	70,4
Атырау	5,9	9,8	9,8	74,5
Шығыс Қазақстан	1,8	31,2	9,2	56,9
Жамбыл	1,1	48,9	7,8	42,2
Батыс Қазақстан	3,7	31,5	9,3	55,6
Қарағанды	2,7	9,7	13,3	73,5
Қостанай	1,4	27,8	31,9	37,5
Қызылорда	7,6	12,1	7,6	71,2
Маңғыстау	3,6	41,8	10,9	41,8
Павлодар	11,9	32,2	25,4	28,8
Солтүстік Қазақстан	2,4	33,3	23,8	40,5
Оңтүстік Қазақстан	3,5	16,1	6,3	74,1
Астана	21,8	15,4	6,4	55,1
Алматы	15,0	18,8	7,5	56,9

Қазақстандықтардың бірегейлігінің құрылымында патриоттық құндылықтардың қаншалықты терең тамыр жайғандығы олардың нақты әрекеттеріне бағдар жасай отырып қана жорамалдауға болады. Қазақстандықтардың ойынша, олардың отандастарының арасында патриоттық қалай көрініс табатынын білу мақсатында, респонденттерден «Сіздің ойыңызша, қазақстандықтар арасында патриоттық қалай көрініс табады?» сұрағына жауап алынды.

Алынған жауаптардың негізінде анағұрлым жиі қайталанатын патриоттық көріністердің ерекше рейтингісі құрылған болатын.

Аталу жиілігі бойынша, бірінші орынға респонденттердің 52,3% санайтын «Қазақстан ұлттарын бір үлкен отбасы ретінде сезіну» жауабы жайғасты.

Жауаптардың жиілігі бойынша, екінші орында 42,7% белгілеген «Отанға деген махаббат» нұсқасы тұр.

Респонденттердің 30%-ы өз туған аймағын, оның тарихын және мәдениетін білуде патриоттық көрініс табады деп есептейді.

Сұралғандардың бестен біріне жуығы, нақтырақ айтсақ 23,0% қазақстандықтардың патриоттығының көрінісі адам еңбек пен кәсіпкерлікті дамытуда жатыр деп ойлайды (4-кестені қараңыз).

**4-кесте. «Сіздің ойыңызша, қазақстандықтар арасында патриоттық қалай көрініс табады?» сұрағына жауаптардың үлестірімі.**

	ПАЙЫ ЗДАР
<b>ЖАУАП НҮСҚАЛАРЫ</b>	
Қазақстан ұлттарын бір үлкен отбасы ретінде сезіну	52,3
Отанға деген махаббат	42,7
Өз туған аймағын, оның тарихын және мәдениетін білу	30,0
Адал еңбек, кәсіпкерлікті дамыту	23,0
Қазақстанда отбасын құру, өмірді жоспарлау	21,4
Қазақстандық заңдарды құрметтеу және орындау	19,2
Әскерде қызмет ету	12,4
Мемлекеттік тілді білу және оны қолдану	9,6
Өз еліне жанын беруге дайын болу	7,4
Шетелдік қонақтардың алдында мемлекеттік қызығушылықтарды ұсынып, шетелде елдің өкілі болуды білу	6,5
Қоғамдық қызмет, қоғамдық белсенділік	4,3
Жеке меншіктің, мықты материалдық негіздің болуы	3,9
Елдің экономикалық және саяси векторын білу, оны қолдау	3,3
Жауап беруге қиналамын	1,7
Түрлі ұлт өкілдерін құрметтеу	0,5

Осылайша, Қазақстан халқының көпшілігінің санасында патриоттық ұлтаралық келісім (мемлекет халқын бір үлкен отбасы ретінде қабылдау), тарих пен мәдениетті білу (оның ішінде өз туған өлкесінікін де) мен адам еңбек етумен байланысты.

Бұл республика халқының құндылықтар құрылымында отанға деген махаббат пен патриоттық аса маңызды екендігін көрсететін жағымды фактор болып табылады.

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДАҒЫ ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР**

Отандық және шетелдік әлеуметтік зерттеу мәліметтерінің қорытындысы бойынша, сонымен қатар теориялық материалдар негізінде авторлармен жалпыұлттық құндылықтарды нығайту бойынша бірнеше ұсыныстар жасалды.

Азаматтың құндылықты тәрбие алуының басымдылықтарын анықтай отыра, әрбір мәдениет өзінің мұрасының негізінде қалыптасатынын және әлеуметтену үрдісінде жаңғыратынын түсіну маңызды болып табылады. Қоғамдық игілік пен тұлғалық дамудағы қажеттіліктер қағидаттарын бекітетін, мәдени алуан түрлілікті ескеретін, бірақ оның шеткі көріністеріне жеткізбейтін саясат қажет.

Қазақстандықтарда жалпы ұлттық құндылықтарды нығайту мақсатында түрлі каналдардың көмегімен көп бағытты жұмысты өткізу қажет: бұқаралық ақпарат құралдары, оқу орындары, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этно-мәдени орталықтар, үкіметтік емес ұйымдар, еңбек, шығармашылық пен спорт.

Мемлекеттік ақпараттық саясаттың маңызды шарасы идеология қажеттіліктеріне қарсы шығатын еңбек құндылығын белсенді насихаттауы керек. Әділ және қоғамдық пайдалы еңбек абыройын арттыру талап етіледі. Нақты экономикаға жұмыс жасайтын еңбек қызметі өндірістік емес мамандықтарға қарама - қайшы БАҚ-та жан-жақты белсенді жариялануы қажет.

